ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

20 21 ж. "13" қаңтар жүргізілді
БСН 060140010794
Бастапқы тіркелген күні
2006 ж. "12" қаңтар

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының**
**«Қостанай қаласының білім бөлімі»**
**мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

**Қостанай қаласы - 2021 жыл**

Әкімдіктің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ 1 қаулысымен
бекітілген

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қостанай облысы Қостанай қаласының аумағы бойынша білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады және өз қызметінде «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне есеп береді және оның бақылауында болады.

2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілеттік берілсе, оның мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшының бұйрықтарымен және

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, А. Байтұрсынов, 67-үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

14. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

1) азаматтардың мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларының жалпы білім беретін бағдарламаларын игеру нәтижесінде алынатын білімге Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген құқығын қамтамасыз ету;

2) Қостанай қаласының аумағында білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету;

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір сүру салтының берік негіздерін қалыптастыру, дара тұлғаны дамыту үшін жағдайларды жасау арқылы зияткерлікті байыту;

4) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) Қостанай қаласының аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) кешкі (ауысымды) оқыту нысанын қоса алғанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

4) мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, орта білім алғанға дейін оларды оқытуды ұйымдастырады;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының қажеттілігін, сондай-ақ ата-ананың ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

6) облыстың жергілікті атқарушы органына облыстың білім басқармасы арқылы қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшерін, сондай-ақ ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекітуге енгізеді;

7) облыстың жергілікті атқарушы органына білім басқармасы арқылы орта білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуге енгізеді;

8) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік білім беру ұйымдарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

10) аудандық және облыстық маңызы бар қала деңгейінде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

11) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

12) мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының

(қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

13) орындаушылар конкурстары мен балаларға арналған кәсіби шеберлік конкурстарын, жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

14) мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және мемлекеттік білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының жиынтық көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

15) әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

16) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларын аттестаттауды ұйымдастырады;

17) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауға және қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жоспарды қалыптастырады;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының, орта білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

19) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

21) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастырады;

22) аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы білім беру ұйымдарының кадрлармен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

23) аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

24) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

25) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

26) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

27) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

28) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларға қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

29) білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды;

30) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жөніндегі мәселелерді үйлестіреді;

31) облыстың білім басқармасына білім бөлімінің құрылымын келісуге енгізеді және бекітеді;

32) мемлекеттік білім беру ұйымдарының тарификациялық тізімдерін, штат кестесін, жұмыс оқу жоспарларын (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру), сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының сынып-жиынтықтарының санын келіседі;

33) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тартады;

34) осы ережемен жүктелген функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін бюджеттік өтінімді сапалы жасауды және облыстың білім басқармасына ұсынуды қамтамасыз етеді және жауапты болады;

35) білім беру саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) тиісті аумақта өз қызметін жүзеге асыру тиімділігін арттыру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен, мемлекеттік мекемелермен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

2) мемлекеттік көлік құралдарын, байланыс жүйелері мен коммуникацияларды пайдаланады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етеді;

4) өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті мәліметтерді, материалдар мен құжаттарды сұратады және алады;

5) мемлекеттік бағдарламаларға талдау және мониторинг жүргізеді;

6) қолданыстағы заңнамамен берілген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

## 3-тарау. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекеменің қызметін ұйымдастырады және басшылық етеді;

2) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

3) заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, оның құзыретіне қатысты еңбек қатынастары мәселелерін шешеді;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, орта білім беру ұйымдары, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары) басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

6) мемлекеттік мекеме қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) барлық мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

8) мемлекеттік мекеменің жұмыс регламентін бекітеді;

9) мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

10) оның құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

11) мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

## 4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

23. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда, жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

24. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

25. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

27. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

# Положение
# о государственном учреждении
# «Отдел образования города Костаная»
# Управления образования акимата Костанайской области

**город Костанай - 2021 год**

Утверждено
постановлением акимата
от 5 января 2021 года
№1

**Положение**
**о государственном учреждении**
**«Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области**

## Глава 1. Общие положения

1. Государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере образования по территории города Костаная» Костанайской области, и в своей деятельности подотчетно и подконтрольно государственному учреждению «Управление образования акимата Костанайской области.

2. Государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области не имеет ведомства.

3. Государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» » Управления образования акимата Костанайской области осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

4. Государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области является юридическим лицом, созданным в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.

5. Государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

6. Государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

7. Государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

8. Структура и лимит штатной численности государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области утверждаются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

9. Место нахождения государственного учреждения: Республика Казахстан, 110300, Костанайская область, город Костанай, улица А. Байтурсынова, дом 67.

10. Полное наименование государственного органа: государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области.

11. Настоящее Положение является учредительным документом государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области.

12. Финансирование деятельности государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области осуществляется из областного бюджета.

13. Государственному учреждению «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области, осуществляется.

Если государственному учреждению «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области осуществляется законодательными актами предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, направляются в доход государственного бюджета, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан.

## Глава 2. Миссия, основные задачи, функции, права и обязанности государственного органа

14. Миссия государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области: реализация государственной политики в области образования и науки.

15. Задачи:

1) обеспечение гарантированного Конституцией Республики Казахстан права граждан на образование, получаемое в результате освоения общеобразовательных программ учебных программ начального, основного среднего и общего среднего образования в соответствии с государственными стандартами образования;

2) обеспечение эффективного функционирования и развития системы образования на территории соответствующего города Костаная;

3) развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни, обогащение интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности;

4) обеспечение защиты прав и законных интересов детей;

5) иные задачи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

16. Функции:

1) реализуют государственную политику в области образования на территории города Костаная;

2) назначает на должности и освобождают от должностей руководителей государственных организаций образования в порядке, определенном законодательством Республики Казахстан, а также уполномоченным органом в области образования;

3) обеспечивает предоставление в государственных организациях образования начального, основного среднего и общего среднего образования, включая вечернюю (сменную) форму обучения;

4) организует учет детей дошкольного и школьного возраста, их обучение до получения ими среднего образования;

5) определяет потребность государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы согласно действующего законодательства;

6) вносит на утверждение местному исполнительному органу области, размер государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы согласно действующего законодательства через управления образованием области;

7) вносит на утверждение местному исполнительному органу области, государственный образовательный заказ на среднее образование через управления образования области;

8) обеспечивает размещение государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение согласно действующего законодательства;

9) обеспечивает размещение государственного образовательного заказа на среднее образование в государственных организациях образования;

10) обеспечивает дополнительное образование детей, осуществляемое на уровне города областного значения;

11) содействует в организации участия обучающихся в едином национальном тестировании;

12) обеспечивает материально-техническое обеспечение государственных организаций дошкольного воспитания и обучения, государственных организаций, реализующих общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования (за исключением организаций образования в исправительных учреждениях уголовно-исполнительной системы);

13) обеспечивает организацию и проведение олимпиад и конкурсов научных проектов по общеобразовательным предметам конкурсов исполнителей и конкурсов профессионального мастерства для детей;

14) направляет средства на оказание финансовой и материальной помощи обучающимся и воспитанникам государственных организаций образования из семей, имеющих право на получение государственной адресной социальной помощи, а также из семей, не получающих государственную адресную социальную помощь, в которых среднедушевой доход ниже величины прожиточного минимума, и детям-сиротам, детям, оставшимся без попечения родителей, проживающим в семьях, детям из семей, требующих экстренной помощи в результате чрезвычайных ситуаций, и иным категориям обучающихся и воспитанников, определяемым коллегиальным органом управления государственной организации образования, в размере не менее двух процентов от совокупного объема бюджетных средств, выделяемых на текущее содержание общеобразовательных школ и на размещение государственного образовательного заказа на среднее образование в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения;

15) обеспечивает материально-техническую базу методического кабинета отделов образования;

16) организует аттестацию педагогов и руководителей организаций образования района, города областного значения в соответствии с действующим законодательством;

17) формирует план по переподготовке кадров и повышению квалификации работников государственных организаций образования, финансируемых за счет бюджетных средств;

18) организует в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, медицинское обслуживание обучающихся и воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения, организаций среднего образования;

19) обеспечивает дошкольное воспитание и обучение;

20) организует в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан, бесплатное и льготное питание отдельных категорий, обучающихся и воспитанников;

21) организует бесплатный подвоз обучающихся до ближайшей школы и обратно в случае отсутствия школы в соответствующем поселке, селе, сельском округе;

22) осуществляет кадровое обеспечение государственных организаций образования в районах, городах областного значения;

23) обеспечивает координацию деятельности психологической службы организаций образования, расположенных в районах, городах областного значения;

24) выдает разрешения на обучение в форме экстерната в организациях основного среднего, общего среднего образования;

25) оказывает содействие попечительским советам;

26) оказывает государственные услуги в сфере образования;

27) осуществляет в установленном порядке государственное обеспечение детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей;

28) оказывает организациям дошкольного воспитания и обучения, семьям необходимую методическую и консультативную помощь;

29) создает в организациях образования специальные условия для получения образования лицами (детьми) с особыми образовательными потребностями;

30) координирует вопросы по системе оплаты труда работников организаций образования;

31) вносят и утверждают на согласование в управления образования области структуру отдела образования;

32) согласовывает тарификационные списки, штатное расписание, рабочие учебные планы государственных организаций образования (дошкольное воспитание и обучение, начальное, основное среднее, общее среднее образование, дополнительное образование), а также численность классов-комплектов организаций среднего образования, исходя из потребности;

33) привлекает к дисциплинарной ответственности первых руководителей государственных организаций образования;

34) обеспечивает и несет ответственность за качественное составление и представление в управление образования области бюджетной заявки для обеспечения реализации функций, возложенных настоящим положением.

35) осуществляет в интересах местного государственного управления в области образования иные функции, возлагаемые законодательством Республики Казахстан.

17. Права и обязанности:

1) взаимодействует с другими государственными органами, государственными учреждениями и другими организациями по вопросам повышения эффективности осуществления своей деятельности на соответствующей территории;

2) использует государственные транспортные средства, системы связи и коммуникаций;

3) обеспечивает доступность и качество оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

4) в пределах своей компетенции запрашивает и получает в установленном порядке от государственных органов и других организаций необходимые сведения, материалы и документы;

5) проводит анализ и мониторинг государственных программ;

6) имеет иные права и обязанности, предоставленные ему действующим законодательством.

## Глава 3. Организация деятельности государственного органа

18. Руководство государственным учреждением «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области осуществляется первым руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на государственное учреждение задач и осуществление им своих функций.

19. Первый руководитель государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области назначается на должность и освобождается от должности в соответствии с законодательством Республики Казахстан, по согласованию с уполномоченным органом в области образования.

20. Первый руководитель государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области имеет заместителей, которые назначаются на должности и освобождаются от должностей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

21. Полномочия первого руководителя государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области:

1) организует и руководит деятельностью государственного учреждения;

2) определяет обязанности и полномочия своих заместителей;

3) в соответствии с законодательством назначает на должности и освобождает от должностей работников государственного учреждения, вопросы трудовых отношений, которые отнесены к его компетенции;

4) назначает на должности и освобождает от должности руководителей государственных организаций образования (дошкольные организация образования, организации среднего образования, организации дополнительного образования для детей) в установленном законодательством порядке;

5) в установленном законодательством порядке налагает дисциплинарные взыскания и применяет меры поощрения на сотрудников государственного учреждения;

6) подписывает приказы и дает обязательные для исполнения работниками государственного учреждения указания;

7) представляет государственное учреждение во всех государственных органах и иных организациях;

8) утверждает регламент работы государственного учреждения;

9) принимает меры, направленные на противодействие коррупции в государственном учреждении, и несет персональную ответственность за непринятие антикоррупционных мер;

10) принимает решения по другим вопросам, отнесенным к его компетенции;

11) исполнение полномочий первого руководителя государственного учреждения в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством.

22. Первый руководитель определяет полномочия своих заместителей в соответствии с действующим законодательством.

## Глава 4. Имущество государственного органа

23. Государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством.

24. Имущество государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

25. Имущество, закрепленное за государственным учреждением «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области, относится к коммунальной собственности.

26. Государственное учреждение «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

## Глава 5. Реорганизация и упразднение государственного органа

27. Реорганизация и упразднение государственного учреждения «Отдел образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Пронумеровано прошнуровано
на ________листах

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

Нөмірленген, тігілген және мөрмен бекітілген барлығы 27 парақ

20 21 ж 13 қаңтар